

Жолдыбай ауылының негізгі орта мектебі бойынша

2023-2024 оқу жылының жылдық

тәрбие жұмыстарының мәтіндік есебі.

2023 - 2024 оқу жылы Жолдыбай ауылының негізгі орта мектебінің тәрбие беру жұмыстары білім беру мен сыныптан тыс жұмыстары арқылы жүзеге асырылды. Тәрбие жұмысы - ол жеке тұлғаның даму үдерісін басқару болып табылады. Осыған орай, мектепте тәрбиелеу жүйесі бірінші жыл қалыптасып келген жоқ, ол жеке тұлғаның мектепте ғана емес, сыныптағы тәрбиелеу процессін қамту.

Тәрбие жұмысын ұйымдастыру кезіндегі басым бағыт – балаға қамқорлық пен құрмет көрсету, сенім арту, балалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету, оларды кемсітуге жол бермеу болып табылады.

2023-2024 оқу жылында мектептердің ата-аналар қауымдастығымен өзара іс-қимылы негізінде тәрбие міндеттерін іске асыруда **«Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығын»** құру, сондай-ақ **«Тоғыз ай – 9 іс-шара»**, **«4 тоқсан – 4 өнер»** жобалары шеңберінде іс-шаралар өткізу, мерейтойлық күндерге арналған сыныптан тыс іс-шараларды ұйымдастыру маңызды аспектілер болып табылады.

2023-2024 оқу жылы білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысы келесідей негізгі құндылықтарды басшылыққа алады:

«Біртұтас тәрбие бағдарламасы»

- ұлттық, адами құндылықтарға негізделген. Бұл құжатта білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысын толыққанды жүзеге асыру үшін білім алушылардың бойында қалыптастырылуы тиіс құндылықтар мен тәрбиенің мақсаты, міндеттері айқындалады.
- жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, әлемдік озық білімді игерген саналы азаматты тәрбиелеу мақсаты көзделеді.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасының» мақсаты:

Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу.

Міндеттері:

1. Ата-ананың өсиетін тыңдауға, отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге, перзенттік парызын өтеуге тәрбиелеу.
2. Ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және ел бірлігін сақтауға, отаншылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиелеу.
3. Жақсылыққа, игілікке бой түзеуге, абыройлыболуға, ар-ұждан, намыс, жауапкершілік, мейірімділік, қамқорлық пен Ұсыным әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастыру.
4. Денсаулықты қадірлеуге, салауатты өмір салтын ұстануға, ойдың тазалығын және эмоционалды тұрақтылыққа баулу.
5. Табиғатқа, табиғи мұраға ұқыптылықпен қарауға және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдануға тәрбиелеу және еңбекқорлыққа баулу.

Тәрбиелеу сараптамасы - бұл жоғарғы немесе төмен, оң не теріс, жетістікке жеткен немесе сәтсіздікке ұшыраған себептерін анықтау.

2023 – 2024 оқу жылында тәрбиелеу процессі «Білім беру Заңы», «Бала құқығы жөнінде Конвенция», «Тәрбиелеу», нұсқаулық - әдістемелік хат, «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» жоспарға негізделген.

Тәрбие процессін жүзеге асыру үшін мектепте жеткілікті кадр саны бар;

6. -психолог
7. -кітапханашы
8. - дене шынықтыру пәні мұғалімі
9. -Тоғыз сынып жетекші .
10. Оқу жылының басында жалпы оқушылар саны 36 болды
- 11.- мектепішілік бақылауда оқушы жоқ
- 12.- тегін тамақтанатын оқушылар саны - жаппай білім қоры бойынша 13 оқушы, 1-4 сыныптар-8 оқушы
- 13.- ата - аналардың қаражатына тамақтанатын оқушылар саны –15
14. Үйірме сабақтар мен секциялар басшыларының сандық құрамы: 2 адам.
- 15.* Үйірмелердің толымдылығы: 13 адам.
- 16.* Секциялардың толымдылығы: 18 адам.
- 17.Үйірме сабақтардың атауы.

Ақысыз

- 18.1. "Дара жол" пікірсайыс үйірмесі Шамиганова Г.Қ
- 19.2. "Шахмат" үйірмесі Бркенов Қ.Б.

20.Секциялар

- 21.1.Волейбол, шаңғы жетекшісі: Бркенов Қ.Б

2022-2023 оқу жылында «**Ұшқыр ой алаңы**» дебаттық қозғалысы клубы «Дара жол» жұмыс жасайды. Клубтың құрамында 7-9-сынып оқушылары , жетекшісі аға тәлімгер Шамиганова Г.Қ.. Мектепішілік пікір-сайстары өткізілді. Аудандық байқауларға келесі оқу жылында қатысуға алдымызға мақсат қойдық. 2023-2024 оқу жылында дебат қозғалыс клубын жандандырып аудандық іс-шараларға қатысуға қойылған мақсатты жүзеге асыру.

Мектеп пен ата-аналардың өзара байланысы кезінде балалардың мүддесі үшін ынтымақтастық қажет. Тәрбиенің 3 негізгі құндылықтары: Ұлттық мүдде, Ар- ұят, Талап құндылықтары аясында мектеп оқушы ата-ана үштік одағы бірігіп отырып, жұмыс жасау керек. .Сонымен қатар, мектепте Қазақстан Республикасының оқу ағарту министрлігінің және де «Адамның үйлесімді дамуы ұлттық институты» КЕАҚ ұсынған «Ата- аналарды қолдау орталығы жұмыс» жұмыс жасайды.. «Ата-аналарды білім беру ұйымдарында педагогикалық қолдау бойынша нұсқаулық» негізінде берілген ата-аналарға арналған оқу бағдарламасымен жұмыс жүргізілетіндігін жеткізіп, Орталық аясында «Даналық мектебі» құрылып, оның «Ата өсиеті», «Әже даналығы», «Аға қамқорлығы», «Жеңге кеңесі» секциялары жұмыс атқарылу мақсатында әр сексияның жылдық жұмыс жоспары жасалынды.

Ата - аналарға арналған дәрістерді, ата-аналар кештерін, Ашық есік күндерін, тренингтерді өткізілді. Бұл мектептерді құрудың мақсаты – бала тәрбиесіндегі отбасының рөлін арттыру.

Өзін – өзі басқарудың инновациялық жүйесінің негізгі міндеттерінің бірі шығармашылықтың жеке және ұжымдық формалары арқылы адамның: жауапкершілік, тұрақтылық, ізгі ниет және қатысу секілді негізгі қасиеттерін тәрбиелеуге ықпал ету. Мектептегі өзін-өзі басқару құрылымы төрт деңгейлі: **1-деңгей**. Сыныптардағы өзін-өзі басқару: сынып жиналысы, сынып активі, жұмыс секторлары. **2-деңгей**. Мектептің өзін-өзі басқаруы: мектеп активі. **3-деңгей**. 1. Жалпы

мектептік оқушылардың өзін-өзі басқаруы: жоғары сынып оқушыларының Кеңесі. 2. Жалпы мектептік өзін-өзі басқару: мектеп кеңесі: оқушылар, ата-аналар, мұғалімдер.

Қамқоршылық кеңес және оның қызметін ұйымдастырылған. Биылғы оқу жылында кеңестің құрамы жаңартылды. Қамқоршылық кеңестің мақсаттары: білім беру ұйымдарына жәрдемдесу, бекітілген жарғылық функцияларды орындау; білім беру ұйымының білім алушылары мен педагогтары үшін қажетті жағдайлар жасау; білім беру ұйымдарына қаржылық қолдау көрсету, материалдық техникалық базаны нығайту; білім беру ұйымын одан әрі дамытуға жәрдемдесу мақсатында жұмыс жасайды.

Жыл сайын 1-қыркүйекте Білім күніне арналған салтанатты іс-шаралар өткізіледі.

1 қыркүйек - «Білім күніне» мектепшілік салтанатты жиын, сондай-ақ сынып сағаттарын өткізу көзделеді. Сынып сағаттары аясында педагогтерге білімге деген ұмтылыс, патриотизм және еңбекқорлық, сондай-ақ жаңа оқу жылында рухани құндылықтарды қалыптастыру мен дамыту туралы бірлескен талқылау ұйымдастыруға, достық қарым-қатынастың, жауапкершілік пен бір-біріне деген құрметтің маңыздылығын ашуға кеңес беру мақсатында «Мектебім мейірім мекені» тақырыбында Білім күніне арналған салтанатты жиын өтті. Талап: білуге, жаңаны тануға құштар болу. Ұлттық мүдде: ұлттық мәдениетті дәріптеу.



Алғашқы сабақ

Жалпықазақстандық ашық диктант «Мағжан Жұмабаев заманның заңғар тұлғасы»



Қазақстан халқының тілдері күні мерекесіне орай 2023 жылғы 5-16 қыркүйек аралығында өткен онкүндік аясындағы іс-шараларға 05.-16.09.2023 ж. Қазақстан халқының тілдері күні мерекесіне орай онкүндік аясындағы іс-шаралар өтті.

МАҚСАТЫ:

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы» заңның, «Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру» мақсатында, Үш тілді дамыту жол картасы аясында үш тілдікті іске асыру бойынша аудандық жоспарды жұмыс үшін негізге алу керек. Мемлекеттік тіл саясатын насихаттау, оқушылардың бойына патриоттық сезімді халықтың мәдени мұрасы арқылы өз ана тіліне деген құрмет сезімін арттыру, тіл мәртебесін көтеру, таза сөйлеуге үйрету, өз ұлтына, еліне деген сүйіспеншілікті ояту. Ана тіліміздің тұғырының мықты болуына негіз қалаған бабаларымыздың өсиетін ұран ету, қазақ тілінің мәтебесін көтеру.

МІНДЕТТЕРІ:

- Ана тілінің маңызы мен қоғамдағы орнын, жас ұрпақтың ана тілінің қадір-қасиетін түсіне білуін, балаларды туған тілін сүйуге, оны қорғауға және қамқорлық жасауға тәрбиелеу;
- Қазақстанда тұрып жатқан басқа ұлт өкілдерінің Қазақстан халқына деген сыйластығын, ұлттық қарым-қатынасын нығайту;
- Қазақ, орыс, ағылшын тілдеріне деген қызығушылықтарын ояту, Қазақстан жерінде тұратын халықтардың салт-дәстүрлері туралы айту, тілге құрмет көрсетуге, оны ықыласпен үйренуге тәрбиелеу;

Онкүндік аясында бекітілген жоспар бойынша мектебіміздің тіл мамандары оқушыларға мемлекеттік тілдің және орыс, ағылшын тілдерінің, қоғамдағы үштілділіктің маңызын, бірнеше тілді қатар игеру арқылы туған жерімізді сүйуге, бірлікке, ел тарихын білуге, елімізді өркендетуші білімді ұрпақ тәрбиелеу, таза сөйлеуге үйрету, өз ұлтына, жеріне деген сүйіспеншілігін ояту мақсатында бірқатар іс-шаралар жүргізілді. Осы орайда қазақ тілі пән мұғалімінің ұйымдастыруымен қыркүйектің 5-сі күні «**Мағжан Жұмабаев-заманның заңғар тұлғасы**» атты Жалпы қазақстандық ашық диктант өтті. Бұл іс-шараға ұстаздар, оқушылар, мектеп қызметшілері түгел қатысты. 06.09. КҮНІ 8-9-сынып оқушылары «**АНА ТІЛІМ - ҚҰДЫРЕТІМ**» тақырыбында эссе жазды. Тақырыбын аша білді. «**Жарық жұлдыздар**» атты кітапханада кітап көрмесі ұйымдастырылды. 07.09. күні Шәкәрім

Құдайбердіұлының 165 жылдығына арналған саяхат сабақты 7-сыныпта Маженова Ж.А. өткізді. Сабақ жақсы дәрежеде өтті. Мұғалім оқушылармен жеке, жұппен жұмыс жасады. Сұрақ-жауап, кластер әдісін қолданды. Сабақ мақсатына жетті. Мұғалімнің өзін-өзі ұстауы, балалармен қарым-қатынасы өте жақсы.

08.09. күні 8-сыныппен «Тіл тағдыры-ел тағдыры» атты дөңгелек үстелді орыс тілі мұғалімі Ахметова Д.Т. өткізді. Мақсаты: қазақ тілінің мол мұрасымен кеңінен таныстыру, адам өміріндегі маңыздылығын түсіндіру, тілдің мемлекеттік мәртебесін қалыптастыру. Қазақ тілінің қолданылу аясын кеңейтуге үлес қосу. Қазақ халқының мол мұрасын насихаттау арқылы елжандылыққа, адамгершілікке, бауырмалдыққа тәрбиелеу. Тілін, елін сүйе білуге үйрету. **Күтілетін нәтиже:** Оқушылардың сыни ойлау қабілеттері дамиды, шығармашылықпен жұмыс жүргізеді. 10.09. күні 5-6-сынып оқушылары арасында Мұзафар Әлімбаевтың 100 жылдығына орай өлеңдерін мәнерлеп оқу сайысы өтті. Оқушылар мәнерлеп өлең оқыды. Барлығы бірдей қатыспады. Барлығын қатыстыруға атсалысу керек. Жақсы қатысқан оқушыларға марапаттау қағазы берілді. 11.09. күні 5-9-сынып оқушыларына арналған «Әркімнің туған тілі-туған шеше, оған бала міндетті сан мың есе», 1-4-сынып оқушыларына арналған «Ауылым –алтын бесік» атты қабырға газеті мен суреттер байқауына барлық сынып белсенді қатысты. Тақырыпты аша білді. Зияткерлік ойын «Жүзден- жүйрік, мыңнан-тұлпар» 13.09. күні 5-9-сынып оқушылары арасында өтті. Өткізген Маженова Ж.А. 14.09. күні «Бала тілі-бал» онлайн мәнерлеп өлең оқу байқауы өтті. Осы күні «Полиглот» викторина өтті. Өткізгендер Ахметова Д.Т. мен Омарова А.А. Апталық соңында оқушылар мақтау қағаздарымен марапатталды



Білім алушыларды тәрбиелеудің ұлттық құндылықтарын қалыптастыру шеңберіндегі білімге ынталандыру мен денсаулықты сақтауға, ұлттық өнер мен мұраны қастерлеуге және қоршаған ортаға қамқорлық жасауға баулитын челленджі тақырыбы: «Сергіту сәті» Қыркүйектің 8-күні сағат 12-00 де республиканың барлық мектептерінде бір мезгілде **өткізіледі**,

Мақсаты: Білім алушыларға салауатты өмір салтын насихаттау, спортқа тарту

Ар-ұят: өзін отбасының, сыныптың, мектептің, қоғамның, Отанның бір мүшесі екенін сезіну



«ТӨРТ ТОҚСАН – ТӨРТ ӨНЕР» ҰЛТТЫҚ МӘДЕНИ-АҒАРТУШЫЛЫҚ ЖОБАНЫҢ 11.09-24.10 аралығында өткізілет#1ТОҚСАН#АҚЫНДАРАЙТЫСЫ# сайысы бөлімнің іс-шаралар жоспары құрылып, ұйымдастырылды.

Айтыстың мақсаты: қазақ халқының ұлттық құндылығы, шешендік өнер арқылы мәдениеттің баға жетпес мұрасы ретінде айтысты жан-жақты насихаттау, ұлттық рух пен патриотизмге, өз халқына және оның дәстүрлеріне деген құрмет сезімін тәрбиелеу, талантты шығармашылық жастарды анықтау.



Айтыс тұжырымдамасы туралы түсіндірме жұмыстар



Айтыс өнері жайында сынып сағаты Ақындар айтысына дайындық жұмысы

Мектебімізде 2023 жылғы қыркүйектің 11-15-і аралығында Отбасы күніне орай отбасылық құндылықтарды насихаттау мақсатында аға тәлімгердің

ұйымдастыруымен "Бақытты отбасы-бақытты балалық шақ" тақырыбымен іс-шаралар өткізілді.

Отбасы күніне арналған іс-шаралар ұйымдастырылып Ар-ұят: отбасының, өз ортасының абыройын асыру

«Менің бақытты отбасым» тақырыбында коллаж



«Отбасы бақыт мекені» і сурет көрмесі



Психологиялық онлайн тренинг: «Жанұясыз адам-бұл тамырсыз, сабақсыз, жапырақсыз жеміссіз ағаш»



Қыркүйектің 12-сі күні жалпы мектепшілік ата-аналар жиналысы өтті. Онда төмендегі мәселелер қарастырылды.

2023-2024 оқу жылының ерекшеліктері туралы;

Оқушылардың асханадан тамақтану жарнасын белгілеу.

«Мектеп тарапынан ата-аналарға қойылатын талаптар» туралы;

«Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы» жұмысын ұйымдастыру, қызметін жүзеге асыру туралы;

Оқушылардың қауіпсіздігі.



1 қазан –Халықаралық қарттар күніне арналған «Қарттары бар ел-қазынасы бар ел» атты кездесу өткізілді. Оқушыларды адамгершілікке, үлкенге құрмет көрсетуге тәрбиелеу мақсатында ұйымдастырылған кездесу мектеп ұжымы, мәдениет үйінің ұжымы, \бірге ауыл қарияларына мерекелік дастархан жайылып, мектеп оқушылары әсем әндерін арнады. Әсем әннің ырғағы мен мерекелік дастархан ұйымдастырылды.



«Қарттарын қадірлеген ел ардақты» тақырыбында мерекелік концерт және дастархан

25 қазан Республика күніне орай «Мәңгілік жаса, қыран елім Қазақстаным» онкүндігінің іс-шаралар жоспары

№	Іс-шаралар тақырыбы	Шара түрі	Қамтылатын сыныптар	Уақыты	Жауапты
1	«Туған еліме арнаймын!» «Қыран елім-Қазақстан!»	Ашық сынып сағаттары	1-9	16.10.23ж	Сынып жетекшілер
2	«Қазақстан-туған жерім, туған елім	Көрме	5-8	17.10.23ж	Кітапханашы
3	«Қазақстаным менің»	флешмоб	5-9	18.10.23ж	Өзін –өзі басқару ұйымы
4	«Менің елім-менің халқыма» оқушылар арасында құттықтау челлендж (мектептер арасында)	челлендж	8-9	19.10-24.10	Аға тәлімгер «Жас Ұлан» ұйымы
5	«ТОҒЫЗ АЙҒА 9 ІС-ШАРА» ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ	челлендж	1-9	16.10-24.10	Педагогтар, қызметкерлер, оқушылар

	«Әнұран айту» челленджі				
6	«Сүйем сені, туған елім!» 1-4 сынып оқушылары арасында суреттер көрме	Көрме	1-4	19.10.23ж	Қыдырбекова Н.Қ
7	«Оян, Қазақ!» фильмін тамашалау	Тарихи кеш	7-9	20.10.23ж	Маженова Ж.А.
8	«Мен өз елімнің патриотымын» «Жас Ұлан» «Жас Қыран» ұйымына қабылдау	Ант қабылдау салтанаты	1-4 5-9	23.10.23ж	Аға тәлімгер
9	«Мәңгілік ел-Қазақстан»	Мерекелік- концерттік бағдарлама	1-9	24.10.23ж	Искакова А.С. Омарова А.А.

25 қазан ұлттық мереке – Республика күні ұлттық мереке ретінде белгіленіп отыр. Оқушыларды туған жерін, туған елін, халқын ардақтап өтуге үйрету. Бақытқа жетер даңғыл жолдың бірі- туған Отанды сүюден басталатынын түсіндіру. Отанға деген патриоттық сезімдерін ояту мақсатында ұйымдастырылған 25 қазан Республика күніне орай «Қазақстан -Республикам менің!» атты мерекелік кеш өткізілді. «Туған еліме арнаймын!», «Қыран елім-Қазақстан!» тақырыбында сынып сағаттары, «Қазақстан-туған жерім, туған елім» көрме, «Қазақстаным менің», «Менің елім-менің халқыма» оқушылар арасында құттықтау челленджі, «ТОҒЫЗ АЙҒА 9 ІС-ШАРА» ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ «Әнұран айту» челленджі, «Сүйем сені, туған елім!» 1-4 сынып оқушылары арасында суреттер көрме, «Оян, Қазақ!» фильмін тамашалау, «Мен өз елімнің патриотымын», «Жас Ұлан» «Жас Қыран» ұйымына қабылдау, «Мәңгілік ел-Қазақстан» тақырыбында іс-шаралар өтті.

Ұрпаққа аманат» жобасы

Ұлттық мүдде: Қазақстан мемлекеттілігін нығайтуға атсалысу.

Ар-ұят: әдеп нормаларын ұстану



«Жас Ұлан» балалар ұйымының қатарына қабылдау




**25 қазан Республика күніне орай «Мәңгілік ел-Қазақстан»
тақырыбында мерекелік концерт**



«Ұлы даланың ұлы есімдері» эссе байқауы



«Қазақстан-туған жерім, туған елім» көрме



«Оян, Қазақ!» фильмі

«Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы» жобасына ата-аналарды тарту үшін ата-аналармен ынтымақтастық орнату мақсатында ата-аналарға педагогикалық қолдау көрсету мақсатында ІІ кездесу өтті

Ар-ұят: отбасының, өз ортасының абыройын асыру

Ар-ұят: өзін отбасының, сыныптың, мектептің, қоғамның, Отанның бір мүшесі екенін сезіну



5 қазан күні ұстазға деген құрметті, сыйластықты жоғарлату мақсатында «Ұстаз аты - биік әрі мәңгілік» атты мерекелік кеш оздырылды. Мектебіміздің ұстаздарын мектеп директоры Бекишов А.Б. құттықтау сөзімен батсап, ізгі тілектер айтылды. Ұстаздарға арналған мерекелік концерт, түрлі ойындар ұйымдастырды.



«Ұстаздар» мерекесі

Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 22 қарашадағы № 698 Жарлығымен Қазақстанда «Еңбек күні» мерекесі белгіленді, ол қыркүйек айының соңғы жексенбісінде атап өтіледі.

Аталған мерекенің басты мақсаты - Мемлекет басшысының Жалпыға ортақ еңбек қоғамын құру шеңберіндегі өндіруші еңбекті ынталандыру, жастар арасында жұмысшы кәсібін насихаттау және жұмысшы әулетіндегі көпжылдық дәстүрді нығайту.

Оқушыларды еңбек күнін мерекелеу туралы іс шараларын жоспарымен таныстыру



Қазіргі таңда терроризмнің алдын алып, қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі маңызды мәселелердің бірі болып отыр.

Терроризм - ұйымдасқан топ діттеген мақсатына жету үшін дүрсін-дүрсін күш қолдану арқылы көрініс табатын әдіс. Қазіргі жағдайларда террористер аманат алуды, қоғамдық мәндегі ғимараттарды басып алу, жарып жіберу, ұшақтарды алып қашу және өзге де әрекеттерге барады. Террористік әрекеттер қашан да жариялы түрде жүреді және қоғамға, билікке әсер етуге бағытталады.

Мектебімізде Діни экстремизмнің алдын алуға бағытталған 2023-2024 оқу жылына арналып іс шаралар жоспары құрылып бекітілді.

Осыған орай біздің мектебімізде төтенше жағдайдың , өрттің және террористік әрекеттің алдын алу мақсатында нұсқаулықтар мен оқу жаттығулары жүргізілді



Сынып сағаты



Оқу жаттығулары



Құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында Ернар Серқазыұлы түсіндірме жұмыстарын өткізді

Мектеп президентінің сайлауы



Ата-аналарды педогогикалық қолдау мақсатында ауданымызда «Отбасы құндылықтары сарқылмас қазына» тақырыбында ата-аналар жиналысы өтті

Мектебіміздің белсенді, көп балалы ана Аубакирова Д.Ж. алғыс хатпен марапатталды.



Мектептің әлеуметтік паспортына сай ыстық тамақпен қамтамасыз етілетін оқушылардың тізімі бар. Жаппай білім қоры бойынша 13 оқушы тегін тамақпен қамтамасыз етілген. 1-4 сынып оқушылары тегін тамақпен тамақтанады- 8 оқушы Қалған 15 оқушы ата-аналарының демеушілігімен тамақтанады.



7- 9-сынып оқушыларымен «Мамандық таңдауға жол» пікірлесу түрінде өтті. Мақсаты: Оқушыларға мамандық таңдаудағы жауапкершілігін, пікірін, дұрыс көз-қарасын қалыптастыру, өзін-өзі тану аумағын кеңейту.



«Ерте жастағы жүктілік-болашаққа балта шабу» тақырыбында әңгіме сағаты. Іс – шараның мақсаты. Әлемде, жалпы елімізде болып жатқан келеңсіз оқиғалардың алдын алу және қызбалалар арасында кездесетін ерте жүктілік, оның денсаулыққа қаншалықты зиян екендігін түсіндіре отырып қыз бала тәрбиесіне дұрыс көңіл бөлуге ақыл-кеңестер беру



Балалардың құқықтарын қорғау, оның ішінде зорлық-зомбылықтың алдын алу мәселелері бойынша өзекті тақырыптарға сынып сағаттары өтті





Қантар айында «Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы» клубының жұмыс жоспарына сәйкес «Баланы жастан. Бала бойындағы тапқырлық пен эрудияцияны қалай дамытуға болады» тақырыбында семинар өтті



Ауылымыздың фельдшері Бақыт Хабиденқызы қыздарымен «Жыныстық тиіспеушіліктің алдын алу мақсатында» мақсатында «Білгеніңнен білмегенің көп әлі...» тақырыбында әңгіме сағатын өткізді.



DOSBOL лайық акциясы өтті.



«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында «Әжелер сөзі –тәрбие көзі» тақырыбында аудандық жарыс өтті. Мектебіміздің атынан 4-сынып оқушысы Сағынтай Айару мен Бикамал әжей қатысты.



Ата-аналарды қолдау орталығы аясында «Сенім арту-жетістік кепілі», «Қиын жағдайда баланы қалай қолдаймыз?» тақырыбында дөңгелек үстел өтті.



Наурыз мейрамына орай елдік тұрғыда жаңару мен жаңа құндылықтарды қалыптастыру ісінің аясында Наурызды бірлік, бауырластық пен ынтымақ мерекесі ретінде қарастыратын жаңа тұжырымдаманы ұсынылды.

14 наурыз Көрісу күніне орай "Қауышу күні" атты амал мерекесі өткізілді. Мақсаты: оқушыларды қазағымыздың салт-дәстүрлерінің бірі амал мерекесінің ерекшелігімен таныстыру және үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетуге сыйластыққа баулу.

22 наурыз мерекесіне арналған мектеп ұстаздары мен шаруашылық қызметкерлері арасында эстафеталық жарыс ұйымдастырылып өткізілді.

Мектебімізде 15 наурыз "Өніс күніне" орай ата-бабаларымыздан қалған салт-дәстүр бойынша қайырымдылық жасалуда. Мақсаты: Оқушылардың кішкентай пәк жүрегінен шыққан тілектерін орындау арқылы қайырымдылық акциясы ұйымдастырылды.

16 наурыз мәдениет пен салт - дәстүр күні. 3"ә" сыныбында «Наурыз - ырыс, құт - береке бастауы» тақырыбында тәрбие сағаты өткізілді.

"Шуақты Наурыз" тақырыбында сурет көрмесі ұйымдастырылды.

16 наурыз Мәдениет және ұлттық салт- дәстүр күні "Нұр себеле, Ұлыстың ұлы күні" атты 1-9 сыныптар арасында Наурыз мерекесі ұйымдастырылып өткізілді.

"Нұр себеле, Ұлыстың ұлы күні" атты іс-шаралар жоспарына сәйкес 5-8 сынып оқушыларының арасында "Батаменен ел көгерер.." бата беру сайысы өткізілді.

17 наурыз - Шаңырақ күні. Наурыз - туыстық, байланыстарды сақтауға және қадірлеуге үндейтін отбасылық, мереке. Бұл - әрбірімізге жақын әрі бәрімізді біріктіретін құндылықтар. Бұл күн сүйіспеншілік, құрмет, сенім, өзара көмек, мейірімділік, жанашырлық, анаға құрмет және ұрпақ сүю сияқты отбасылық құндылықтарды насихаттауға арналған.

18 наурыз - Ұлттық киім күні. Мақсаты: ұлттық құндылықты насихаттау, қазақтың салт-дәстүріндегі ұлттық өнегені оқушылар бойына дарыту, елге, жерге, ұлттық мәдениетке деген сүйіспеншілік сезімін оятып, отансүйгіштікке тәрбиелеу.

19 наурыз - Жаңару күні. Мақсаты: жаңару күні, бұл күн «жаңа көшеттер – жаңа идеялар – мемлекет дамуындағы жаңа кезең. Осы “Жаңару” күні барша азаматтарды ортақ мақсаттарға жету жолында бірігуге және ынтымақта болуға үндеу.

"Нұр себеле, Ұлыстың ұлы күні" атты іс-шаралар жоспарына сәйкес ұлттық құндылығымыз салт - дәстүрлерімізді келешек ұрпаққа дәріптеу, салтымызды құрметтеу мақсатында

Қазақтың ұлттық күйі "Сал күрен" Мақсаты: білім алушылардың рухани-адамгершілік мәдениетін, эстетикалық, патриоттық сезімдерін тәрбиелеу, елдің мәдени мұрасын сақтау, балалардың домбырада орындау өнерін насихаттау.

20 наурыз - Ұлттық спорт күні. Мақсаты: ұлттық ойындарға деген қызығушылықтарын арттыру, ептілікке, шапшаңдыққа, төзімділікке, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Ұжым мақсат әрекетіне дағдысын, назар ықыласын дамыту. Бір - біріне деген құрмет, жеңуге деген ұмтылысты дамыту.

5-7 сынып оқушылары арасында “Нұр себеле, Ұлыстың ұлы күні” тақырыбында наурыз мерекесі аталып өтілді.

2. Құндылық: Ар-ұят

-Ар-ұят, адалдықты жоғары бағалайды

-Сөзіне берік, ісіне жауапкершілікпен танытады

-Ата-анасына сүйіспеншілікпен қарайды

-Достарын, сыныптстарын сыйлайды

- Ізет, үлкенге құрмет көрсетеді



9-мамыр Жеңіс күніне орай сынып сағаты өтті. Ауылдың ата –әжелерін шақырып дастархан ұйымдастырылды. Оқушыларға ризашылықтарын білдіріп, баталарын берді.



Мамырдың 21-і сағат 15-00-де «Бала көңілдің гүлі, көзіңнің нұры» тақырыбында жалпы мектепшілік ата-аналар жиналысы өтті.

Күн тәртібінде:

1. Оқушылардың жазғы демалысын ұйымдастыру.
/ ДТІЖО Шамиганова Д.Г./

2. 2023-2024 оқу жылындағы мектеп жұмысының нәтижесі . /Аға тәлімгер Шамиганова Г.Қ/
3. Жазғы қауіпсіздік ережесін біліп жүрейік.
/ДТІЖО Шамиганова Д.Г./
4. Құқық бұзушылықтың алдын алу.
/Психолог Омарова А.А./
5. Балалардың жол көлік жарақаты және оның алдың алу. /Жас жол инспекторының жетекшісі
Қыдырбекова Н.Қ./
6. Түрлі мәселелер (оқушылардың жазғы еңбек практикасы, жазғы мектеп, сыныптан сыныпқа көшу емтихандары және т.б)



24 мамыр күні «Білімім – Отаныма» 1-9 сынып бойынша бірыңғай тәрбие сағаты өтті. Тәрбие сағаты әнұранмен басталуып, тәрбие сағатында балалардың жыл бойы білім жетістіктері мен қоғамдық белсенділіктеріне тоқталды; Сонымен қатар, Отанға деген құрметін арттыру мақсатында патриоттық тақырыпта шығармалар мен өлеңдер оқылды.

24 мамырда «Мен. Мектеп. Ұстаз» тақырыбында 9 сынып түлектері эссе жазды. Онда өзінің оқып шыққан мектебіне ыстық ықыласын, ұстазға алғысын білдірді.

Мектеп оқушыларының 2023-2024 оқу жылының жетістіктері .



«Театрдың ғажайып әлемі « театр өнері республика байқауының аудандық кезеңіне қатысып "Қуыршақ қойылымы» номинациясы бойынша 3-орынға ие болды.



«Алтын қазына» көркем және сәндік –қолданбалы өнер бойынша балалар шығармашылығының республикалық көрме байқауының аудандық кезеңінде «Ұлттық нақыштағы интерьердің ерекше дизайн –жобасы номинациясы бойынша 2-орынды иеленген өзін –өзі басқару ұйымының белсенді оқушысы Қалымжанова Ақерке 2-орынға ие болды. Жетекшісіне алғыс хат берілді.

«Ақмола кадрда» онлайн байқауының «Менің осы жерді Отаным деп атаймын» номинациясы бойынша 2 дәрежелі дипломен 11-14 жас ерекшелігі бойынша Қалымжан Ақерке марапатталды.



«Ақмола кадрда» онлайн байқауының «Әзіл кадрда» номинациясы бойынша III дәрежелі дипломен 11-14 жас ерекшелігі бойынша Айдарбек Алижан марапатталды.



«Мен Экоблогермен» онлайн байқауының «Мен блогермен» аудандық кезеңі бойынша I дәрежелі дипломмен және облыстық кезеңнен II дәрежелі дипломмен Султанбекова Сұлу марапатталды



«Мен табиғатты танып білемін» облыстық зерттеу байқауының аудандық кезеңінде «Экология әрқайсының ісі» номинациясы бойынша белсенді қатысқаны үшін Султанбекова Сұлу марапатталды.



Өткізілген шаралардың барлығы әлеуметтік желіге салынды.

2023-2024 оқу жылындағы жұмысты толық көлемде талдай отырып, оң нәтиже көрсетуде:

1. Біртұтас тәрбие бағдарламасын жүзеге асырылуда
2. Бірлескен тәрбие іс-шараларын өткізуге ата-аналарды тарту.
3. Оқушылардың әр алуан байқауларға қатысамын деген шығармашылдық қабілеттері байқалады.

Тәрбие жоспарын табысты іске асыру туралы, Мектептің құрылған тәрбие жүйесінің тиімділігі туралы айта келе, кейбір мәселелерге де назар аудармауға болмайды.

Проблемалық өріс:

1. Сынып жетекшілерінің этиканы, мінез-құлық мәдениетін зерделеуге жеткіліксіз назары.
2. Оқушылардың шығармашылық байқаулардағы белсенділігінің төмендігі.
3. Ата-аналар сабақтан тыс қызметке қатыстырылмайды.
4. Ата-аналар жаппай оқыту жұмысын ұйымдастыруға да назар аудару қажет.
5. Кейбір сыныптардағы жиналыстарға ата-аналардың төмен қатысуы байқалады.
6. Сынып ұжымдары деңгейінде оқушылардың өзін-өзі басқару жұмысының болмауы.

Кемшіліктерді жою жолдары:

1. Сынып жетекшілеріне оқушылардың қиындықтарды жеңудегі табыстылығын ынталандыру әдістерін жетілдіру; жалпы білім беретін сыныптарда әр түрлі интеллектуалды турнирлерге, қызықты пәндік материалдарға көбірек көңіл бөлу.
2. Сынып жетекшілерге оқушылардың шығармашылық қызметін жандандыру.
3. Сынып жетекшілеріне ата-аналарды сабақтан тыс қызметке белсенді түрде тарту.

4. Ата-аналар жиналысын ұйымдастыруға және өткізуге көп көңіл бөлу.

Қорытындылар:

Тәрбие жұмысының талдауына сүйене отырып тәрбие жұмысының алға қойылған міндеттері шешілді деп санауға болады, мақсатқа қол жеткізілді. Жоғарыда өткізілген тәрбие жұмыстарының қорытындысы «қанағаттанарлық» деп айтуға болады.

Келесі оқу жылында шешілетін өзекті мәселелер:

- әр сынып ұжымында және жалпы мектепте Өзін-өзі басқару органдарын ұйымдастырумен байланысты қиындықтарды шешу;
- мектеп, аудандық, облыстық және республикалық іс-шараларға қатысқаны үшін, мектеп бойынша кезекшілік және басқа да жетістіктері үшін сынып жетекшілерін, сыныптарды көтермелеу жүйесін әзірлеу;
- мектепті жарнамалау және оған балалар мен ата-аналарды тарту мақсатында мектептің ақпараттық кеңістігін құру.

Ата-аналармен және жұртшылықпен жұмыс жүйесін қалыптастыруды және дамытуды жалғастыру.

ДТІЖО:

Шамиганова Д.Г.